



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2018 жылғы 15 қазан*

### **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Украина Ұлттық банкі банктік қадағалау саласындағы ынтымақтастық туралы уағдаласты**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Украина Ұлттық банкі банктік қадағалауға қатысты мәселелерде ынтымақтастық жасауға уағдаласты. Екі орталық банк арасындағы тиісті Шартқа 2018 жылғы 12 қазанда Халықаралық валюта қорының және Дүниежүзілік банктің Жыл сайынғы жиналысы кезінде қол қойылды.

Шартқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев және Украина Ұлттық банкінің Төрағасы Яков Смолий қол қойды. Шарттың негізгі мақсаты банктік қадағалау саласындағы ынтымақтастық және ақпарат алмасу үшін мүмкіндіктер жасауға негізделген.

Атап айтқанда, құжатта екі мемлекеттің ұлттық заңнамаларының талаптарын сақтай отырып бас ұйымдардың және олардың трансшекаралық құрылымдарының қызметін қадағалау саласындағы ынтымақтастық көзделеді. Сонымен қатар нарықтың жай-күйі, банктік қадағалау саласына қатысты нормалар мен талаптардағы өзгерістер, бас ұйымдар мен олардың трансшекаралық құрылымдарын лицензиялау және қадағалау туралы ақпарат алмасу туралы мәселелер қамтылған.

Шартта сондай-ақ кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ақпарат алмасу көзделеді. Осыған байланысты екі елдің қадағалау органдары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың анықталған схемаларын зерделеу мен талдау бойынша бірлескен іс-шараларды өткізу туралы, сондай-ақ схемалармен және күмәнді операциялармен күрес мәселелерінде келісілген іс-қимыл туралы уағдаласты.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына алады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)